

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР
КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
2023 ж. « 08 » 02 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 230240011693

№ 261-1972-01-НАО-ГП

«Ұлытау облысының
экономика басқармасы» ММ
2023 жылғы « 3 » 02
№ 7 бұйрығымен
бекітілген

Ұлытау облысы білім басқармасының
«Ұлытау облысының әдістемелік орталығы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

Жезқазған қаласы
2023 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Ұлытау облысы білім басқармасының «Ұлытау облысының әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) өз функцияларын жүзеге асыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие жедел басқару құқығындағы әдістемелік қамтамасыз ету және методикалық қызмет көрсететін мемлекеттік кәсіпорын болып табылады.

2. Кәсіпорын Ұлытау облысы әкімдігінің 2023 жылғы «01» ақпандағы № 05/01 «Ұлытау облысы білім басқармасының «Ұлытау облысының әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы» қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ұлытау облысының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады.

4. Коммуналдық меншік субъектісінің Кәсіпорын мүлкіне қатысты құқықтарын «Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынға басшылықты жүзеге асыратын орган «Ұлытау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) болып табылады.

6. Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

7. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Ұлытау облысы білім басқармасының «Ұлытау облысының әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное казенное предприятие «Методический центр области Улытау» управления образования области Улытау.

8. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 100600, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, ғимарат 1.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

9. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

10. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпорынның дербес теңгерімі банктерде есепшоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Елтанбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы жазылған бланкілері, мөрі болады.

11. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

12. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік және өзге де тіркелуге жататын Кәсіпорын жасаған азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркелген сәттен бастап жасалды деп саналады.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні, мақсаты мен түрлері

13. Кәсіпорын қызметінің мәні меншік нысанына қарамастан қызметтің барлық түрлері мен білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз ету және білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагог қызметкерлеріне әдістемелік қолдау көрсету болып табылады.

14. Кәсіпорын қызметінің мақсаты педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту, педагогикалық шеберлігін арттыру үшін жағдай жасау болып табылады.

15. Мақсатқа қол жеткізу үшін Кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын табысты іске асыру үшін жағдай жасау;

2) педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;

3) республикалық, облыстық, аудандық (қалалық) іс-шараларды және білім беру мәселелері бойынша ынтымақтастықтың өзге де нысандарын ұйымдастыру, өткізу және оларға қатысу;

4) жарғылық қызметті жүзеге асыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен, оның ішінде халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнату

Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжатымен белгілі бір деңгейде шектелген қызмет мақсаттарына қайшы келетін басшының жарғылық құзыретін бұза отырып мәміле жасасуы уәкілетті органның немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не шаруардың талап арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын басшысының Кәсіпорын жарғысынан тыс қызметті жүзеге асыруына бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылады және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Халықаралық ынтымақтастық

18. Кәсіпорын білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жұмысының ерекшелігіне сәйкес шетелдік білім, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдар, қор және орталықтармен тікелей байланыс орнатуға, білім саласындағы ынтымақтастық туралы екі жақты және көп жақты шарттар жасауға құқылы.

19. Кәсіпорын халықаралық ынтымақтастықты Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқару

20. Кәсіпорынға жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын уәкілетті орган жүзеге асырады.

21. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорынды құру, қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды.

22. «Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе коммуналдық мүлікке иелік етуге уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландыратын атқарушы органға уәкілдік береді;

2) коммуналдық мүлікті Кәсіпорын атына бекітеді;

3) Кәсіпорынға филиалдар мен өкілдіктер құруға келісім береді;

4) Кәсіпорын мүлкін пайдалану, оның ішінде кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

5) осы Жарғымен жүктелген және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

23. Уәкілетті орган:

1) қызметтің басымды бағыттарын және Кәсіпорын бюджетінен қаржыландыратын міндетті жұмыс көлемін (көрсетілетін қызмет) анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспары мен оларды орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарын бақылау мен орындалуын талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуы мен сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің есепке алынуын ұйымдастырады, тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорын басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

7) осы Жарғымен жүктелген және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

24. Басшы Кәсіпорынды басқару органы болып табылады.

25. Кәсіпорын басшысын уәкілетті орган қызметке конкурс негізінде тағайындайды және қызметтен босатады, оны аттестаттау Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы аттестаттау қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

26. Уәкілетті орган Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы реттейді.

27. Кәсіпорын басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі мен мүлкінің сақталуына, Кәсіпорынға жүктелген тапсырмалардың орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға, таза табыстың белгіленген бөлігін шығытылы бюджетке аудармағаны, сондай-ақ Кәсіпорын қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларына сәйкес келмеуіне жеке жауап береді.

28. Кәсіпорын басшысы Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық іс-шаралардың ұйымдастырылуына дербес жауапты болады.

29. Кәсіпорын басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дара басшылық қағидаттарында іс-шаралар жасайды және Кәсіпорын қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

30. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның барлық ішкі делерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, ескерту шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе, оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін уәкілетті органға кандидатуралар ұсынады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

6. Еңбек ұжымының мүшелері, олардың құқықтары мен міндеттері

31. Еңбек ұжымының мүшелеріне Кәсіпорынның қызметкерлері, әдіскерлер, тәжірибелі бағыттағы мамандар кіреді.

32. Кәсіпорын қызметін жүзеге асыруға біліктілік талаптарына сәйкес ~~жетін~~ педагог қызметкерлер жіберіледі.

33. Кәсіпорынның басшысы мен қызметкерлерінің өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Кәсіпорындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, сондай-ақ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңымен реттеледі.

34. Кәсіпорын қызметкерлерінің құқығы:

- 1) кәсіби қызметін атқару үшін жағдайлар жасалу;
- 2) педагогикалық қызметін ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерін өз еркімен тандап алу;
- 3) санатын көтеру, кәсіби өсу мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттаудан өту;
- 4) атқарып отырған лауазымы мен мамандығына сәйкес Кәсіпорын қызметіне қатысу;
- 5) Кәсіпорын қызметіне қатысты мәселелерді еңбек ұжымымен бірге талқылау;
- 6) құрылтайшымен келісілген біліктілік санатына және штаттық кестеге сәйкес кепілді еңбекақы алу;
- 7) өзінің кәсіби абыройы мен ар-намысын қорғау;
- 8) педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін материалдық және моральдық көтермелеу, сондай-ақ марапатқа ұсынылу;
- 9) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген басқа да құқықтарға ие.

35. Кәсіпорын қызметкерлерінің міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе осы Жарғыны, ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, лауазымдық нұсқаулықты, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, Кәсіпорынның жергілікті актілерін, сонымен қатар Кәсіпорын басшысының нұсқаулары орындайды;
- 2) біліктілігін көтереді;
- 3) үш жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтеді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз міндеттерінің орындалуына дербес жауап береді;
- 5) қызмет түрлерін сапалы және толық көлемде көрсетеді, сабақтарды заманауи талаптарға жауап беретін деңгейде өткізеді;
- 6) семинарларға мұқият дайындалып, кәсіптік деңгейін көтереді;
- 7) қажетті құжаттамаларды жүргізеді, есептерді және т.б. уақытылы тапсырады;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық тексерістен өтеді;
- 9) педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға міндетті.

36. Педагогикалық қызметкер педагогикалық әдеп нормаларын және ~~міндеттерді~~ бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларында және ~~еңбек шартында~~ көрсетілген жауапқа тартылуы мүмкін.

37. Кәсіпорында педагогтік қызметіне сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен жұмыс істеуге тыйым салынған адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

38. Педагогикалық қызметкерлер білім беру үрдісін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңнамаларына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу пиғылымен пайлануына тыйым салынады.

39. Кәсіпорынның білім беру үрдісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережелерімен және осы Жарғымен айқындалады.

40. Кәсіпорындағы тәртіп білім алушылар мен педагогтардың адами қадір-қасиетін құрметтеуге негізделеді.

7. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі

41. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

8. Кәсіпорын мүлкі

42. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілген Кәсіпорынның активтері құрайды.

43. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

44. Кәсіпорын мүлкі:

- 1) оған құрылтайшы берген мүліктің;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды коса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каражат есебінен қалыптастырылады.

45. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

46. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де затты құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

47. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

48. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе құрылтайшының шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жедел басқару құқығы, оған қатысты құрылтайшы оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

49. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

50. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 58-тармағында көзделген жағдайдарда тоқтатылады.

51. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, әкімдік тиісті саланың уәкілетті органының, келісі бойынша Кәсіпорынға бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

52. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде әкімдік Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын камтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

53. Осы Жарғының 56-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті әкімдіктің жазбаша келісімімен ғана беру және есептен шығаруға құқылы.

54. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

9. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

55. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты (жергілікті және республикалық бюджет) есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

56. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін әкімдік белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

57. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

Кәсіпорын өндіретін және іске асыратын тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) бағасын әкімдік бекітеді.

58. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

10. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

59. Кәсіпорынның жарғылық капиталы құрылтайшыдан жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

11. Кәсіпорынның есепке алуы және есептілігі

60. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің Ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

61. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

12. Кәсіпорынның жауапкершілігі

62. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүлігін алып қоюға жол берілмейді.

Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық Кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

13. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

63. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қоры Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген Кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық айлықақы (мөлшерлеме), еңбек жағдайларына қосымшаақы және үстемақы, өтемақы, сыйлықақы жүйесі мен өзгеде сыйақы есебінен айқындалады.

64. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

65. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қоры, еңбекақы төлеу нысандары, тариф кестесі, лауазымдық айлықақылар Кәсіпорынның шататтық кестесіне сәйкес бекітіледі.

14. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

66. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату әкімдіктің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды құрылтайшы жүзеге асырады.

67. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған кәсіпорынның мүлкін әкімдік қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

15. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

68. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды «Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесі енгізеді.

Директор



Ермаганбетова Ырысты Толикбаевна

Утвержден
приказом ГУ «Управление
экономики области Ұлытау»
от «3» 02 2023 года
№ 7

УСТАВ

Коммунального государственного казенного предприятия
«Методический центр области Ұлытау»
управления образования области Ұлытау

город Жезказган
2023 год

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное казенное предприятие «Методический центр области Ұлытау» управления образования области Ұлытау (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления для осуществления функций методического обеспечения и сопровождения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением акимата области Ұлытау «О создании коммунального государственного казенного предприятия «Методический центр области Ұлытау» управления образования области Ұлытау» от «01» февраля 2023 года № 05/01.

3. Учредителем Предприятия является акимат области Ұлытау (далее – Учредитель).

4. Права субъекта коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет государственное учреждение «Управление экономики области Ұлытау».

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является Государственное учреждение «Управление образования области Ұлытау» (далее – уполномоченный орган).

6. Предприятие в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом Республики Казахстан, законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О государственном имуществе», «Об образовании», «О статусе педагога» и другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан и настоящим Уставом.

7. Наименование Предприятия:

на государственном языке: Ұлытау облысы білім басқармасының «Ұлытау облысының әдістемелік орталығы» (коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны);

на русском языке: Коммунальное государственное казенное предприятие «Методический центр области Ұлытау» управления образования области Ұлытау;

8. Местонахождения Предприятия: Республика Казахстан, 100600, область Ұлытау, город Жезказган, площадь Алаша, здание 1.

2. Юридический статус Предприятия

9. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

10. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в

соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

11. Предприятие не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

12. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет, цель и виды деятельности Предприятия

13. Предметом деятельности Предприятия является методическое обеспечение учебно-воспитательного процесса организаций образования всех типов и видов деятельности независимо от форм собственности и методическое сопровождение педагогов всех уровней образования.

14. Целью деятельности Предприятия является формирование и развитие профессиональных компетенций педагогов и создание условий для повышения педагогического мастерства.

15. Для достижения целей Предприятие осуществляет следующие виды деятельности:

1) создание условий для успешного внедрения государственных общеобязательных стандартов образования;

2) организация и проведение работы, направленной на повышение профессиональной компетентности педагогов;

3) организация, проведение и участие в республиканских, региональных, городских мероприятиях и иных формах сотрудничества по вопросам образования;

4) сотрудничество с физическими и юридическими лицами, в том числе международными, по вопросам реализации уставной деятельности;

Предприятие не вправе осуществлять деятельность, а также совершать сделки, не отвечающие предмету и целям его деятельности, закрепленным в настоящем Уставе.

16. Сделка, совершенная Предприятием в противоречии с целями деятельности, определенно ограниченными законами Республики Казахстан или учредительными документами, либо с нарушением уставной компетенции руководителя, может быть признана недействительной по иску уполномоченного

органа или уполномоченного органа по государственному имуществу, либо прокурора.

17. Действия руководителя Предприятия, направленные на осуществление Предприятием неуставной деятельности, являются нарушением трудовых обязанностей и влекут применение мер дисциплинарной и материальной ответственности.

4. Международное сотрудничество

18. Предприятие, по согласованию с уполномоченным органом в области образования, в соответствии со спецификой своей работы имеет право устанавливать прямые связи с зарубежными организациями образования, науки и культуры, международными организациями, фондами, центрами и иностранными физическими лицами, заключать двусторонние и многосторонние договоры о сотрудничестве в области образования.

19. Международное сотрудничество Предприятия осуществляется на основе законодательства Республики Казахстан и международных договоров Республики Казахстан.

5. Управление Предприятием

20. Общее управление Предприятием осуществляется уполномоченным органом, определенным в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

21. Учредитель:

1) принимает решения о создании, реорганизации и ликвидации Предприятия.

22. Государственное учреждение «Управление экономики области Ұлытау»:

1) утверждает Устав Предприятия, вносит в него изменения и дополнения или уполномочивает на это исполнительный орган, финансируемый из местного бюджета, уполномоченный на распоряжение коммунальным имуществом;

2) закрепляет коммунальное имущество за Предприятием;

3) дает согласие на создание Предприятием филиалов и представительств;

4) принимает решения об использовании имущества Предприятия, в том числе о передаче его в залог, аренду, безвозмездное пользование и доверительное управление;

5) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

23. Уполномоченный орган:

- 1) определяет приоритетные направления деятельности и обязательные объемы работ (услуг), финансируемых из бюджета Предприятия;
- 2) рассматривает, согласовывает и утверждает планы развития Предприятия и отчеты по их исполнению;
- 3) осуществляет контроль и анализ выполнения планов развития Предприятия;
- 4) обеспечивает контроль за использованием и сохранностью имущества Предприятия;
- 5) организует учет имущества Предприятия, обеспечивает его эффективное использование;
- 6) определяет права, обязанности и ответственность руководителя Предприятия, основания освобождения его от занимаемой должности;
- 7) осуществляет иные полномочия, возложенные на него настоящим Уставом и иным законодательством Республики Казахстан.

24. Органом управления Предприятия является его руководитель.

25. Руководитель Предприятия назначается на должность на конкурсной основе и освобождается от должности уполномоченным органом. Проведение его аттестации осуществляются в порядке, определяемом Правилами аттестации Республики Казахстан, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан.

26. Уполномоченный орган оформляет трудовые отношения с руководителем Предприятия посредством заключения трудового договора в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан.

27. Руководитель Предприятия несет персональную ответственность за финансово-хозяйственную деятельность, сохранность имущества Предприятия, выполнение возложенных на Предприятие задач и осуществление им своих функций, за несвоевременные перечисления установленной части чистого дохода в бюджет, а также за несоблюдение работниками Предприятия норм антикоррупционного законодательства Республики Казахстан.

28. Руководитель Предприятия несет персональную ответственность за реализацию мер по противодействию коррупции на Предприятии.

29. Руководитель Предприятия действует на принципах единоначалия и самостоятельно решает все вопросы деятельности Предприятия в соответствии с его компетенцией, определяемой законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом.

30. Руководитель:

- 1) без доверенности действует от имени Предприятия и представляет его интересы во всех органах;
- 2) в пределах, установленных законодательством Республики Казахстан,

распоряжается имуществом Предприятия;

3) заключает договоры и совершает иные сделки;

4) выдает доверенности;

5) открывает банковские счета;

6) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников Предприятия;

7) в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан принимает на работу и расторгает трудовой договор с работниками Предприятия, применяет меры поощрения и налагает взыскания на них, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом;

8) устанавливает компетенцию своих заместителей и других руководящих работников Предприятия;

9) представляет уполномоченному органу кандидатуры для назначения на должность и освобождения от должности своих заместителей;

10) осуществляет иные функции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Члены трудового коллектива, их права и обязанности

31. Участниками трудового коллектива являются работники Предприятия, методисты, специалисты соответствующего профиля.

32. К осуществлению деятельности Предприятия допускаются педагоги, соответствующие квалификационным требованиям.

33. Взаимоотношения между руководителем Предприятия и его работниками осуществляются на основе трудового договора в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан. Трудовые отношения в Предприятии регламентируются Трудовым кодексом Республики Казахстан, а также Законом Республики Казахстан «Об образовании».

34. Работники Предприятия имеют право на:

1) обеспечение условий для профессиональной деятельности;

2) свободный выбор способов и форм организации педагогической деятельности;

3) досрочную аттестацию с целью повышения категории, профессионального роста;

4) участие в деятельности Предприятия в соответствии с занимаемой должностью и специальностью;

5) обсуждение трудовым коллективом вопросов, связанных с деятельностью Предприятия;

6) получение гарантированной заработной платы согласно

лификационной категории и штатному расписанию, согласованному с председателем;

- 7) защиту своей профессиональной чести и достоинства;
- 8) **материальное и моральное поощрение** за успехи в педагогической деятельности, а также рекомендацию к награждению;
- 9) другие права, регламентируемые Трудовым кодексом Республики Казахстан, а также иными нормативными правовыми актами.

35. Работники Предприятия обязаны:

- 1) выполнять Устав, правила внутреннего трудового распорядка, должностные инструкции, **правила техники безопасности**, локальные акты, а также указания руководителя Предприятия, если они не противоречат законодательству Республики Казахстан;
- 2) повышать квалификацию;
- 3) не реже одного раза в три года проходить аттестацию;
- 4) нести персональную ответственность за исполнение своих функций в порядке, определенном законодательством Республики Казахстан;
- 5) оказывать услуги качественно и в полном объеме, проводить мероприятия на уровне, отвечающем современным требованиям;
- 6) тщательно готовиться к семинарам, повышать свой профессиональный уровень;
- 7) вести необходимую документацию, своевременно сдавать отчеты и т.д.;
- 8) проходить медицинские осмотры согласно законодательству Республики Казахстан;
- 9) соблюдать нормы педагогической этики.

36. За нарушение обязанностей и норм педагогической этики педагогический работник может быть привлечен к ответственности, предусмотренной законодательством Республики Казахстан и трудовым договором.

37. К работе в Предприятии не допускаются лица, которым педагогическая деятельность запрещена приговором суда или медицинским заключением, а также имеющие судимость, которая не погашена или не снята в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.

38. Педагогическим работникам запрещается использовать образовательный процесс в целях политической агитации, религиозной пропаганды или для побуждения обучающихся к действиям, противоречащим Конституции и законодательству Республики Казахстан.

39. Права и обязанности участников образовательного процесса в Предприятии определяются Законом Республики Казахстан «Об образовании», типовыми правилами деятельности организаций образования и настоящим Уставом.

40. Дисциплина в Предприятии поддерживается на основе уважения человеческого достоинства обучающихся и педагогов.

7. Режим работы Предприятия

41. Режим работы Предприятия устанавливается правилами внутреннего трудового распорядка и не должен противоречить нормам трудового законодательства Республики Казахстан.

8. Имущество Предприятия

42. Имущество Предприятия составляют активы Предприятия, стоимость которых отражается на его балансе.

43. Имущество Предприятия является неделимым и не может быть распределено по вкладам (долям участия в уставном капитале, паям), в том числе между работниками Предприятия.

44. Имущество Предприятия формируется за счет:

- 1) имущества, переданного ему учредителем;
- 2) имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности;
- 3) иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

45. В ведении Предприятия может находиться лишь то имущество, которое либо необходимо ему для обеспечения деятельности, предусмотренной его уставными целями, либо является продуктом этой деятельности.

46. Приобретение и прекращение права оперативного управления осуществляются на условиях и в порядке, которые предусмотрены Гражданским кодексом Республики Казахстан для приобретения и прекращения права собственности и иных вещных прав, если иное не предусмотрено настоящим Уставом или не противоречит природе данного вещного права.

47. Плоды, продукция и доходы от использования имущества, находящегося в оперативном управлении, а также имущество, приобретенное Предприятием по договорам или иным основаниям, поступают в оперативное управление Предприятия в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан для приобретения права собственности.

48. Право оперативного управления на имущество, в отношении которого учредителем принято решение о закреплении его за Предприятием, возникает у Предприятия в момент закреплении имущества на его балансе, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан или решением учредителя.

49. Предприятие не имеет право отчуждать на основании договоров купли-продажи, мены, дарения имущество, относящееся к основным средствам.

50. Право оперативного управления на имущество Предприятия прекращается по основаниям и в порядке, которые предусмотрены статьей 249 Гражданского кодекса Республики Казахстан для прекращения права собственности, а также в случаях, предусмотренных пунктом 58 настоящего Устава.

51. Учредитель вправе по согласованию с уполномоченным органом соответствующей отрасли изъять закрепленное за Предприятием имущество либо перераспределить его между другими созданными им юридическими лицами, если иное не установлено законами Республики Казахстан.

52. В решении об изъятии имущества, находящегося на праве оперативного управления, Учредитель вправе устанавливать Предприятию сроки содержания и обеспечения сохранности изъятого имущества до его передачи иному лицу.

53. Предприятие вправе отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом, относящимся к основным средствам, передавать и списывать дебиторскую задолженность лишь с письменного согласия Учредителя, за исключением случаев, предусмотренных пунктом 56 настоящего Устава.

54. Предприятие самостоятельно распоряжается не относящимся к основным средствам движимым имуществом, закрепленным за ним на праве оперативного управления.

9. Финансирование деятельности Предприятия

55. Деятельность Предприятия финансируется в соответствии с планом развития за счет собственного дохода и бюджетных средств (местный и республиканский бюджет), полученных в порядке, определенном бюджетным законодательством Республики Казахстан.

Порядок разработки и утверждения планов развития Предприятия определяется Правительством Республики Казахстан.

56. Норматив отчисления части чистого дохода Предприятия устанавливается Учредителем. Часть чистого дохода Предприятия по установленным нормативам подлежит зачислению в соответствующий бюджет в порядке, установленном Бюджетным кодексом Республики Казахстан.

Предприятие производит перечисление в соответствующий бюджет части чистого дохода не позднее десяти рабочих дней после срока, установленного для сдачи декларации по корпоративному подоходному налогу.

57. Предприятие самостоятельно реализует производимую им продукцию.

Цены на товары (работы, услуги), производимые и реализуемые Предприятием, утверждаются Учредителем.

58. Доходы, полученные Предприятием от совершения деятельности, запрещенной законодательством Республики Казахстан, не предусмотренной Уставом, а также доходы, полученные в результате завышения установленных цен на реализуемые товары (работы, услуги), созданные за счет финансирования из бюджета, подлежат изъятию в бюджет в порядке, определяемом законодательством Республики Казахстан. В случае выявления фактов использования имущества без соответствующего его отражения по правилам бухгалтерского учета оно также подлежит изъятию.

10. Уставный капитал Предприятия

59. Уставный капитал Предприятия формируется из имущества, полученного от учредителя в управление для осуществления уставной деятельности.

11. Учет и отчетность Предприятия

60. Ведение бухгалтерского учета и составление финансовой отчетности Предприятия осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности Республики Казахстан и учетной политикой, утверждаемой руководителем Предприятия по согласованию с Учредителем в соответствии с национальными стандартами финансовой отчетности.

61. Годовая финансовая отчетность Предприятия включает в себя: бухгалтерский баланс, отчет о прибылях и убытках, отчет о движении денежных средств, отчет об изменениях в капитале, пояснительную записку.

12. Ответственность Предприятия

62. Предприятие отвечает по своим обязательствам находящимся в его распоряжении деньгами. Обращение взыскания на остальное имущество Предприятия не допускается, за исключением случаев ликвидации данного юридического лица.

Предприятие на праве оперативного управления не отвечает по обязательствам государства. При недостаточности денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

13. Оплата труда работников Предприятия

63. Фонд оплаты труда работников Предприятия определяется из должностных окладов (ставок), доплат и надбавок за условия труда, компенсации, систему премирования и иного вознаграждения работников Предприятия, в пределах установленного фонда оплаты труда, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

64. Система оплаты труда работников Предприятия устанавливается в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

65. Фонд оплаты труда форма оплаты труда, тарифная сетка, должностных окладов работников Предприятия устанавливается согласно штатному расписанию Предприятия.

14. Реорганизация и ликвидация Предприятия

66. Реорганизация и ликвидация Предприятия производятся по решению Учредителя.

Предприятие может быть ликвидировано также по другим основаниям, предусмотренным Гражданским кодексом Республики Казахстан.

67. Имущество ликвидированного Предприятия, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется Учредителем.

Деньги ликвидированного Предприятия, включая средства, полученные в результате реализации имущества Предприятия, оставшиеся после удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход соответствующего бюджета.

15. Порядок внесения изменений и дополнений в Устав

68. Изменения и дополнения в Устав Предприятия вносятся государственным учредителем «Управление экономики области Ылытау».

Директор



Ермағанбетова Ырысты Толикбаевна

«Ұлытау облысының экономика басқармасы» ММ
басшысы _____
Нөмірленген және тігілген _____ В.А.Ставицкая
барлығы _____ парақ

« 3 » 02

2023 жыл

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ ТІРКЕУ ЖӨНЕ ЖЕР
КАДАСТРЫ БӨЛІМІ
НӨМІРЛЕНГЕН, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН
Барлығы 21 (жиырма бір) парақ
2023 ж. « 02 » 02